



Кеше Сыр еліне Жамбыл облысының делегациясы келді. Өндірісті облыстың өкілдері біздің аймақтың экономикалық даму көрсеткішімен танысты, тарихи орындарды аралады. Осылайша киелі Сыр мен тарихи Тараз арасындағы экономикалық және мәдени байланыс тағы бір белеске биіктеді.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

1 КАЗАН СЕНБІ

2016 ЖЫЛ
№148-149 (19234-19235)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТАРАЗ ӨҢІРІНІҢ АЙМАҚПЕН БАЙЛАНЫСЫ АРТА ТҮСЕДІ

Елбасының отандық тауар өндірушілерді қолдау және қазақстандық мазмұнды дамыту мақсатында өңіраралық кооперацияны дамыту туралы тапсырмасы облыстарды бір-бірімен экономикалық тұрғыда байланыстырып қана қоймай, рухани-мәдени қарым-қатынастың нығаюына негіз қалайды. Қызылорда облысы бұған дейін Ақтөбе облысымен арадағы алыс-беріске жол салып, екі жаққа да тиімді шешімдерге қол жеткізген. Игі дәстүр күні көше өз жалғасын тапты. Жамбыл облысы әкімі Кәрім Көкірекбаев бастаған делегация Сыр топырағына табан тіреді. Мәртебелі меймандарды облыс әкімі Қырымбек Көшербаев темір жол вокзалынан күтіп алып, алты Алашқа ана болған елдің тыныс-тіршілігімен таныстырды.

Екі мың жылдық тарихы бар Тараз төрінен келгендер алдымен «Байқоңыр» ғарыш айлағының ғарыштану мұражайын аралады. Жер кіндігі – Байқоңырдың тарихы атағы әлемге мәшһүр санлақтардың есімімен тығыз байланысты. Олардың тынымсыз ғылыми ізденістерінің нәтижесінде ең алғаш ғарышқа Юрий Гагарин көтеріліп, аман-есен жерге оралды. Мұражайда осынау адамзат баласының таңғажайып жетістігінің қалыптасу тарихы толыққанды қамтылған. Аталған тарихи-мәдени орын академик, зымыран-ғарыш жүйелерінің бас конструкторы С.П.Королев пен полгигон басшысы К.В.Герчиктің бастамасымен жүзеге асқан. Онда жеті көрініс залы бар. Төрт зал ғарыш айлағының құрылуы мен даму тарихынан сыр шерте, екеуі ғарыш айлағы аумағындағы халықаралық ынтымақтастыққа арналған. Ал, экспозициялық зал ғарыш саласындағы мекемелер туралы ақпараттан хабарлар етеді. Мұражай директоры қонақтарға барлық залдағы мәліметтерді таныстырып, тың деректерімен бөлісті. Оның айтуынша, бүгінгі таңда мұражайда он мыңнан аса экспонат орналасқан.

Әулиеаталықтар көк пен жердің алтын көрінісін тарихи орынды ерекше таңданыспен тамашалады. Әсіресе, алғашқы космостық құрылғылар мен ғарышкерлер пайдаланатын заттар ерекше қызығушылық тудырды. Қонақтар қатарындағы Жамбыл облыстық филармониясының әншісі Бақыт Шағырбаев жұлдызды қалашыққа алғаш келіп отырғанын айтады. Сондай-ақ, біз М.Х.Дулати атындағы университеттің проректоры, профессор Сағат Жүнісбековті сөзге тартқанбыз.

– Бүкіл әлемге мақтанып айтатын байлығымыздың бірі – Байқоңыр. Өйткені, қазақ елін төрткүл дүниеге танытуда ғарыштық кешен қосқан үлес ерекше. Үш бірдей қазақ баласы ғарышқа сапар шегіп, есімдері тарихқа алтын әріппен жазылды. Бұл жер – ғалым-ғылымның ордасы. Бүгінгі таңда еліміздің жоғары оқу орындарында ғарыш саласындағы мамандар даярланады. Бұл дегеніміз, қазақ елінің болашақта ғарышты игеруде өзіндік дәреже қалыптастыруға жасалған қадам, – деді ол.



Жамбылдық әріптесіне мұражайды таныстыру барысында облыс әкімі Байқоңырдың туристік орталыққа айналырудың қам-қарекеті жасалып жатқанын, алдағы уақытта да келіп тұруға шақырды. Өз кезегінде Кәрім Насбекулы сырбайлықтарға алғысын айтып, мұражайға символикалық ескерткіш сыйға тартты. Сондай-ақ, мұражай тарапынан әулиеаталықтарға да сыйлық табыс етілді.

Байқоңырдан соң қонақтар Қорқыт ата мемориалдық кешеніне ат басын тіреді. Тұтас түркі жұртына ортақ тұлға Қорқыт бабаның кешенді ескерткіші бүгінде қайта жаңғыртудан өткен, сәулеттене, сәндене түскен. 2014 жылы қолға алынған құрылыс кешенінің биіктігін 2,7 метр биіктікке көтерді, әкімшілік үйінің жаңа ғимараты салынды. Сонымен қатар, жаяу жүргіншілер аллеясы кеңейтіліп, кіреберісіне «Қасиетті арқа» мүсіні қойылды. Бүгінде дәулетті елдің сәулетін асырған киелі жер күллі түркітілдес елдердің орталығына, тағзым етер қасиетті мекенге айналды. Алдымен кешендегі мұражай жұмысы мен танысқан қонақтарға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Сыр бойының әрбір төбесі тұнған тарих екендігін жеткізді. Оғыздардың астанасы – Жанкент, Сақтардың астанасы Шірік-рабат секілді қалалар бой көтеріп, тарихымыз ұлт пен ұлысқа қорған болған жәдігерлерден тұратынын айтты. Мәдени орын таныстырылуынан соң құрбан шалынып, аруақтарға құран оқылды. Сондай-ақ, меймандар зиярат ету орталығының жұмысына қанықты.

Киелі мекен топырағын басқан жамбылдық делегация сапар барысында өз пікірін ірікп қалған жоқ.

– Жамбыл өңірі – таулы, жасыл желекке оранған аймақ. Ал, мына жердегі табиғат мүлдем басқаша. Ауа райы өте ыстық. Десе де, осындай көз сүйсінтер, мақтануға тұрарлық құрылыс жүргізе алғандарыңызға таңмын. Сыр еліне шақырып, қасиетті жерге әкелгендеріңізге мың алғыс, – деген Кәрім Көкірекбаев әулиеаталықтар атынан

Айша Бибі кесенесі символикалық ескерткішін тарту етті. Өз кезегінде аймақ басшысы Жамбыл облысы әкіміне ризашылығын арнап, жастардың рухани қуатты болуы үшін тарихи орындар қосар үлесін зор екендігін айтты.

Қызылорда облысындағы аты аңызға айналған Нағи Илиясов ауылы бар. Жамбылдан жеткен делегация “Қорқыт баба” кешенінен соң сонда аялдады. «Жақсыны – көрмекке» дейді халқымыз. Көркіне көз тойтын мемлекеттік-жекеменшік әріптестікпен бой көтерген әлеуметтік нысандарды аралап көрген қонақтар таңданыстарын жасыра алмады. Көпке үлгі бол отырған елді мекенде жасалған жұмыстар жай-жапсарын «Мағжан и К» шаруа қожалығы басшысы Дархан Ералиев таныстырды.

– Жыл сайын әлеуметтік нысандарды жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін, сондай-ақ, көркейтп-қоғалдандыруға 40-50 млн теңгедей қаржы жұмсалады. Сондай-ақ, ауылдың тазалығы мен өсірілген гүлдерді баптау шаруашылықтың екі бригадасына, 40 шақты қызметкерге жүктелген, – деді ол.

Қонақтарға ауылдағы мәдениет үйін, былтыр пайдалануға берілген мешіт пен спорттық кешен көрсетілді. Жасыл желекке оранған елді мекеннің сұлулығына, әсем нысандарына риза болған Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев Нағи ауылын аудан орталығына тенеңді. Сондықтан, ол делегация құрамындағы қызметкерлерін үлгі алуға шақырды.

– Мұндағы шаруашылықтың еңбегіне, атқарған жұмысына кім де болса көңіл тоғайтады. Өйткені, елін, жерін сүйген азаматтар өз қаржысын ел игілігіне жұмсауда. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің ерен үлгісі десек, қателеспейміз. Көргендеріңіздей, халыққа барлық жағдай жасалған. Тіпті, азық-түлік қажеттігі туындаған тұрғындар мәселесі де шешімін тапқан, – деді облыс әкімі Қырымбек Көшербаев.

Нағи атындағы ауылдың биылғы басты жаңалығы – «Мағжан и К» шаруашылығы өз қызметкерлеріне тұр-

соңды болған емес. «Бәйтерек» ықшам ауданының 980 гектар болатын аумағына 6600 жер учаскесі орналастырылады. Онда болашақта 36 мың адам қоныстанады. Бұл да тұтас бір шағын қала десе болады, – деді өңір басшысы.

Тәуелсіздік жылдарында Сыр өңірі өркендеп, дамып, елдің әлеуметтік жағдайы да жоғарылады. Дария жағасына орын тепкен қала күн сайын жасарып, жайнап келеді. Мұны ең әуелі сырттан келген мейман бірден аңғарады. Жамбыл облысынан келген делегаттардың бірі ҚР Мәдениет қайраткері Әлібек Әмзәулы облыстың бұлайша қарқынды дамуындағы іргелі істерге таңданысын жасыра алмады.

– Расында Сыр елі танымастай болып өзгеріпті. Қала қақпасынан бастап мұндағы оң өзгерістерді, нәтижелі жұмыстарды көруге болады. Рәміздер алаңы да жас ұрпақтың патриоттық рухын көтеруде, олардың елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыратын маңызды нысан екен. Сонау жерден көк байрақтың желбіреп тұрғаны кәдімгідей көкірегіне мақтаныш сезімін ұялатады. Еліміздің көк туы әрқашан жоғарыдан көрініп, Өнұранымыз шырқала берсін, – деді Ә.Әмзәулы.



ғын үй салып беруді бастаған. Шаруашылық басшысы жыл сайын 20 шақты үйді жаңалауды жоспарлап отырғанын жеткізді. Сондай-ақ, биыл ауылдық әкімдік ғимаратының құрылысына кіріс келі отыр.

Өңірімізге жұмыс сапарымен келген Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев бастаған делегация Рәміздер алаңында да болды. Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев мәртебелі меймандарға өңірдің бүгінгі өркендеуі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы баяндады.

– Мынау өздеңіз көріп тұрғандай жуырда Қала күні мерекесінде ел игілігіне пайдалануға берілген Рәміздер алаңы. Аумағы 3 гектар жерді алып жатқан бұл алаңда Елтаңбамыз, Өнұранымыз және 60 метр биіктікте көтерілген көк байрағымыз орналасқан. Жалпы құны 326,4 млн теңгені құраған жоба ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай салынған. Дарияның жағалауына орын тепкен бұл нысан шаһарымыздың шырайын арттырып тұр. Сол жақ жағалауда 93 мың халық тұратын жаңа қала бой көтереді. Өйткені, халық саны көбейіп келеді. Осыдан үш жыл бұрын облыста туу көрсеткіші 6,7 пайыз болса, қазір ол 10,4 пайызды құрап отыр. Бүгінде халық саны 800 мыңға жетті. Сонымен бірге, құрылыс нысандарын, тұрғын үй салу жағынан да Астанадан кейін екінші орындамыз. Күні кеше Қала күні мерекесіне орай «Сәулет» шағын ауданынан 360 пәтерлік 7 үй пайдалануға берілді. Былтыр 53 көпқабатты үй салынып, биылдың өзінде 80 көпқабатты үйдің құрылысы жүргізілуде. Жаңа жылға дейін оның 67-сі табысталады деп отырмыз. Осылайша соңғы екі жылда тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың 28 пайызы облыс орталығынан баспаналы болады. Тұрғын үй құрылысында мұндай серпіліс бұрын-

Келесі кезекте облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бастаған топ мәртебелі меймандарды күріш өнімдері мен түйіршіктелген құрама жем шығаратын «Жан-Арай» ЖШС агрокешені жұмысымен таныстырды.

Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев бастаған арнайы делегация агрокешен жұмысымен танысу барысында ондағы құрама жем зауыты мен күріш ақтау цехында болды.

«Жан-Арай Жем» зауыты 2015 жылдан бері мемлекеттік және жеке әріптестік негізінде жұмыс жасап келеді.

Кешен тәулігіне 60 тонна күріш ақтап, 80 тонна, жылына 30 000 тонна құрама жем өндіруге қауқарлы. Мұнда күріштердің «Янтар», «Маржан», «Лидер» сорттары ақталып, республика көлемі мен Түркіменстан, Ресей, Қырғызстан секілді мемлекеттерге шығаруға. Жем зауытының өнімі де сапалы, техникалары тың. Айта кетейік, кәсіпорын құрама жемді неміс технологиясы бойынша өндіреді. Яғни, зауыттың қондырғылары дәнді-дақылдар өңдейтін жабдықтар шығаруға әлемдегі алдыңғы қатарлы германиялық «Петкус» компаниясында дайындалған. Жаңа құрама жем зауыты облыстың мал азығына деген сұранысты қамтамасыз етуде. Бір ерекшелігі, мұндағы технология қалдықсыз өнім шығаруға арналған. Агрокешен бас директорының орынбасары Қуат Шакиздаевтың айтуынша, зауыттан өндірілген жем дәрумендермен байытылған, яғни, кешенді дәрумендермен қунарландырылған. Олар негізінен бордақыланған малдарға, ірі қараларға арналған және әмбебап түрі де бар. Өндірілген жем аймақтағы мал бордақылау орындарына жіберіледі. Зауыт толық атоматтанған. Сонымен бірге Қуат Шакиздаев ағымдағы жылдың қазан айының аяғына қарай күріш

ұнынан макарон өнімдерін шығару жұмысының жолға қойылатынын да айтты.

«Жан-Арай» агрокешені жұмысымен танысқан соң Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Абдалы Нұралиев тілшілерге алған әсерімен бөлісті.

– Сыр өңірі халқы аграрлы салада айтарлықтай табыстарға жетуде. Бүгін де, міне, ауқымды агрокешен жұмысымен танысып, мүмкіндігіне көз жеткізіп отырмыз. Шын мәніде үлгі аларлықтай шаруа екен. Жалпы, бүгінгі шаруа аясында әлеуметтік маңызды тауарлар бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу үшін Жамбыл мен Қызылорда облыстарындағы тұрақтандыру қорлары бірлесе жұмыс атқарады. Осы орайда біздің облыс тұрақтандыру қорына Қызылордадан 100 мың тонна күріш сатып алатын болады, – деді Абдалы Нұралиев.

Жамбыл облысының делегациясы Сыр бойындағы 11 ұлттық-мәдени орталықтың ортақ шаңырағы – Достық үйіне келді. Қонақтарды ұлттық дәмдермен қарсы алған этномәдени орталықтардың өкілдері қазақ тілінде ән шырқады.

Бұрынғы Алтынсарин атындағы кинотеатр ғимараты «Достық» үйі болып жаңғыртылғалы бері мұнда тұтастықты дәріптеуге арналған шаралар жиі өткізіледі. Өзіндік сәулеттік ерекшеліктерімен алыстан көз тартатын ғимаратта концерт және мәжіліс залдары, кітапхана, музей орналасқан. Ұлттық-мәдени орталықтарға өз салт-дәстүрлері мен тілдерін үйренуге, насихаттауға мүмкіндік жасалған.

Қонақтар Сыр бойында өмір сүретін ұлттардың тыныс-тіршілігінен хабар беретін жәдігерлер қойылған музейді, еврей этномәдени орталығы балаларының биін тамашалады.



ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТАРАЗ ӨҢІРІНІҢ АЙМАҚПЕН БАЙЛАНЫСЫ АРТА ТҮСЕДІ

Сыр еліне арнайы келген делегация мүшелері сапар барысында «Атамекен» отбасылық үлгідегі балалар ауылында болды. Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев пен Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев бастаған қонақтар алдымен «Үшқоңыр» деп аталатын Әуезхановтардың отбасында болып, ондағы балалармен танысты. Отанасы Ләззат Тышқанбаева оқу үлгерімі мен жетістіктері жайлы келген қонақтарға айтып берді. Үлкені Евгений – 15 жаста. Балалар өздерінің естелік кітабына Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаевтың ақ тілегін жаздырып алды.

Ал қызы Бибігүл биылғы жылы Астана күні қарсаңында Елбасының туған жері Үшқоңырға барып қайтқан сапары жайында айтты. Үйдің кеңжесі Досымжан қонақтарға өзінің шығарған «Атамекен» деп аталатын өлеңін оқып берді. Сондай-ақ, балалар өздерінің аулаларына отырғызған бақша дақылдары мен тәтті тоқаштарын қонақтарға ұсынды. Балалар ауылының тәрбиеленушілері өздері салған картинаны Жамбыл облысының әкіміне сыйға тартты.

Шара барысында делегация өкілдері балалардың ойын, жатын, асхана, қонақ бөлмелерін аралап көрді. Мұндағы балаларға жасалған барлық жағдайды көрген қонақтар ден риза болды. Оң кезегінде облыс әкімі Кәрім Көкірекбаев балаларға ізгі лебізін айтып, бұудыршндердің ертен ел мақтан тұтар азамат болып өсеріне сенім білдірді. Сонымен бірге бұл отбасына Айна бибі кесенесінің бейнесін мен Жамбыл облысының тарихы жайлы кітапты сыйға берді.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мұндағы мектеп бітірген балалардың еліміздің белді оқу орындары мен Ресейдің жоғары оқу орындарында тегін білім алып жатқандығын жеткізді.

Негізінен «Атамекен» отбасылық үлгідегі балалар ауылында 8 отбасы тұрады. Онда кәзіргі уақытта 46 тегін бала мен атанасының қамқорлығын-



сыз қалған балғындар тәрбиеленуде. Жоба бойынша балалар ауылында әкімшілік ғимарат, спорттық алаң, 8 екікабатты үй салынған. Бірінші қабатта қонақтарға арналған бөлме, ойын, оқу бөлмелері, асхана және екінші қабатта тәрбиеленушілер мен тәрбиеші-анаға арналған жатын, тұрмыстық бөлмелер орналасқан.

Делегация өкілдері балалар ауылының тұрғындарымен естелік суретке түсті.

Жамбыл облысынан келген делегация мүшелері аймағымыздағы индустриялық жобалармен де танысты. Сапар аясында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев аймағымызда салынатын жатқан шыны зауытына барып, өңір экономикасының дамуына ықпалы зор жобаның құрылыс барысын көрді.

Өңірімізде ҚР Үкіметінің қолдауымен «Бәйтерек» Ұлттық бас-

қару холдингі» АҚ-мен шыны зауытының құрылысы басталған болатын. Зауыттың жалпы құны 52,1 млрд теңгеге құрайды. Ал жобаның стратегиялық инвесторы – АҚШ-тың «Steward Engineers» компаниясы. Оған Қызылорда қаласындағы индустриалды аумақтан 50 га жер телімі бөлініп, жобаның инженерлік-инфрақұрылымдық жұмыстары жүргізілуде. Жуырда кәсіпорын қоймаларының құрылысы аяқталып, барлық құрал-жабдықтар жекініледі.

Айта кетейік, шыны зауыты 2017 жылдың екінші жартыжылдығында пайдалануға беріледі деп күтілуде. Зауыт іске қосылған жағдайда жылына 197 мың тоннадан астам табақша шыны өндіреді. Кәсіпорын толықтай аяқталғанда энергия үнемдеуші, оқшауланған, ламинатталған және айна өнімдерін жасап шығаратын болады. Аталған нысан пайдалануға беріледі, 300 жаңа жұмыс орны ашылады.

Кәсіпорынның құрылысымен танысқан қонақтар мұндағы атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға берді.

Қызылордадағы Жамбыл облысының күндері аясында екі аймақ арасында ынтымақтастық және өңіраралық байланысты нығайту жөніндегі меморандум қабылданды.

Облыс әкімдігінде өткен жиында Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына тоқталды.

– Егемендік алғалы бері өңірдің ауыл шаруашылығы, өндіріс, кәсіпкерлік, білім, денсаулық, мәдениет, спорт сияқты салалардың қай-қайсысында да толайым табыстарға қол жеткіздік. Бүгінгі күні экономикамыз әртарапталдыру бағытында жұмыстар жүргізіліп, кәсіпкерлік саласында ауқымды жобалар жүзеге асырыла бастады, – деді аймақ бас-

шысы.

Толайым табыстарымызға қарап, Мемлекет басшысының өзі: «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады», – деп жоғары баға бергені белгілі.

Қатпар-қатпар тарихы бар, талай сырды ішіне бүккен Жамбыл өңірінің делегациясын бастап келген облыс әкімі Кәрім Көкірекбаев та жұмыс сапары барысында Сыр бойындағы оң өзгерістерге көз жеткізгенін айтып, өзі басқаратын аймақтың басымдықтарын кеңінен қамтыды. «Біздің аймақта ауыл шаруашылығы мен өндіріс жетекші салалар алдыратын цементті енді өзмізде өндіріп жатырмыз. Индустриялық аймақтар құру жоспары кезек-кезеңімен жүзеге асырылуда. Аграрлық салада мал шаруашылығын қарқынды дамыту жолға қойылған», – деді Кәрім Насбекұлы.

Қос тарап өкілдері қатысқан

жиын соңында Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев пен Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев өзара ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойып, БАҚ өкілдеріне арнап брифинг берді.

Кеше Н.Бекжанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында Қызылорда облысы мен Жамбыл облысы өнерпаздарының бірлескен концерті өтті. Шараны көрермендермен бірге Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев пен Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев та тамашалады.

Қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған тағылымды кештің ашылу салтанатында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жайында бейнеролик көрсетілді. Мұнан соң алғашқы «Алтын домбыра» иегері, айтыскер ақын Мұхтар Ниязов кеш қонақтарына жырдан шашу шашты.

Ол өз арнауында Сырдың қонақжай халық екенін, бұл кездесу қос өңір арасындағы қарым-қатынасты тереңдетіп түсетінін жеткізді.

Мұнан соң өнер саласында облыс мақтанышына айналған «Тұрмағамбет» атындағы халықтық аспаптар оркестрі күй кұмбірлетіп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ, қос өңірдің Шолпан Бимбетова, Нұртілек Ақтаев, Жарасқан Төлебай, Ерлан Ибәділдаев, Бақыт Шағырбаев сынды бірқатар өнерпаздары жырдан шашу шашты. Ал талай долларда топ жарып, аймақтың атын шығарып жүрген «Томирис» би ансамблінің мың бұралған бишілері де «Сыр маржаны» биімен шараның шырайын келтірді.

Айтулы шарада Жамбыл облысынан келген «Тараз» триосы Кеңен Әзірбаевтың «Көк шолақ», «Басты өлең» әндерін орындап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, қос өңірдің әншілері халық әндерін орындады. Тағылымды кеште көпшіліктің көңілінен шыққан бірқатар өнерпаздар Сыр елінің өнерді бағалайтын аймақ екенін жеткізіп, өз ойларымен бөлісті.

– Бүгінгі Қызылорда облысы өнерпаздарымен бірлесіп өткізген концерттімізді көрермендеріміз жоғары бағалады. Біз бүгінгі шарада Сыр өңірінің өнерді жоғары бағалайтын жұрт екеніне көзіміз жетті. Сонымен қатар, мәдениет саласының дамуы жолында еңбек етіп жүрген әріптестерімізбен бірге мәңгі де мағыналы концерт ұйымдастырамызға қуаныштымыз, – деді жамбылдық жырау Бақыт Шағырбаев.

Концерт соңында өнерпаздар «Қазақым, қасиетіңнен айналайын», «Қазақстан» сынды бірқатар патриоттық әндер шырқап, көпшіліктің көшеміне бөленді. Сондай-ақ, сахнада Әулиета аймағының дәстүрлі әндері шырқалып, өңір өнерпаздарының орындауында Сыр мақамдарына тән жырлар айтылды.

«Сыр бойының» тіпшілер тобы,
БЕСЖАНОВ,
Н.НҮРЖАУБАЙ (сурет).

●СЫР ӨҢІРІНДЕ СЕРПІЛІС МОЛ

ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ДАҒҒАЙЫР ІС

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы Байзақ Момынбаевты еске алуға арналған

“Үздіксіз кәсіби білім берудің проблемалары мен келешегі” тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Б.Момынбаевтың 70 жылдығына орай ұйымдастырылған конференцияға облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, Қорқыт ата атындағы ҚМУ ректоры Қылышбай Бисенов пен іргелі оқу орнының бірқатар ғылымдары қатысты. Жынының ашылу салтанатында сөз алған Қ.Бисенов басқосудың маңыздылығына тоқталып, ғылымның саналы ғұмырында еткен еңбектерінен естеліктер айтты.

– Шәкірт бойына рухани құндылықтарды сіңіруде ұстаздың алар орны ерекше. Бүгін осы бір ұлағатты сөзге лайықты жұмыс жасаған педагогика саласындағы танымал ғылым Байзақ Көпірбайұлының 70 жылдығына арналған конфе-

ренцияда бас қосып отырмыз. Б.Момынбаевтың еткен еңбектері мен шәкірттері ізденістерінің нәтижесінде елімізде инженерлік-педагогика ғылымы жеке бір бағыт ретінде қалыптасты. Ғалымның тікелей басшылығымен кәсіптік білімді дамыту тұжырымдамасы, кәсіптік мектептердің жаңа оқу жоспарлары мен кәсіптік білімнің мемлекеттік стандарттарын жасау жұмыстары өз шешімін тапты. Сондай-ақ, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-ды басқарған жылдары да оқу орнының беделін арттыруда жүйелі жұмыстар атқарды, – деді Қылышбай Алдабергенов.

Басқосуда облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов те Б.Момынбаевтың атқарған еңбегін тілге тиек етіп, қатысушыларды конференцияның ашылу салтанатымен құттықтады.

– Құрметті жыныға қатысушылар, баршаңызды алдымен бүгінгі ғылыми-тәжірибелік конференциясының ашылу салтанатымен құттықтаймын. Байзақ Көпірбайұлы ағамызбен әріптес болып бірге қызмет атқардық. Ол кісі қаншама ғылыми құнды еңбектер жасада да, өзінің туган жерінен ешқашан алыстаған емес. Бүгінгі конференция осы мұғалімдердің кәсіби мерекесі қарсаңында өткізіліп және оның Байзақ Момынбаевтың 70 жылдығына арналуы да жөн деп есептеймін, –

деді Р.Рүстемов.

Конференцияда облыстық білім басқармасының басшысы Бақытжан Сайлыбаев пен Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың бірқатар ғалымдары кәсіптік білімді дамыту тақырыбы төңірегінде баяндама жасады.

Байзақ Көпірбайұлы еңбек жолын инженер-механик және ұстаздықтан бастап, кафедра меңгерушісі, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім Академиясы кәсіптік институты директорының орынбасары, директоры қызметін атқарды. сондай-ақ, өңіріміздегі Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың ректоры болып еңбек етті. Білім саласын дамытуда атқарған еңбектері мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, 2009 жылы “Парасат” орденімен марапатталды.

Пленарлық мәжіліс секциялар жұмысына жалғасып, конференция кітап көрмесімен қорытындыланды. Жылы соңында экономика ғылымдарының кандидатты, профессор Қазыбай Құдайбергеновты өңірдегі білім ошақтарының біріне ғибратты ғұмыр иесінің есімін беруге ұсыныс жасады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

Ұстанымы айқын ұстаз

Ұстаз – ұлы есім. Ардақты мамандыққа деген сенімге селкеу түсірмей жемісті еңбек ету табандылықты, шынайы ізденісті, көпші болуды талап етеді. Заман талабына сай келешек ұрпақтың қоғамда өз орнын тауып, белсенді әрекет иесі атануға деген бағыт-бағдар мектеп қабырғасынан қалыптасатыны әмбебап. Бұл жерде мектептің жүрегі – мұғалімнің атқарар рөлі де ерекше.

Осындай шығармашылық ізденісінің арқасында шәкірттер жүрегіне жол тауып, еліміздің сындарлы саясатының жүзеге асуына өз үлесін қосып жүрген Арал қаласындағы №14 мектеп-лицейдің жоғары санатты ағылшын тілі пәні мұғалімі Ниязбаева Раушанның тынымсыз еңбегі атап өтуге тұрарлық. Ол өз мамандығын терең меңгергендігімен, оқытудың жаңаша технологияларын әрбір сабақтарына тиімді пайдаланып, оқушылардың жан-жақты шығармашылықпен жұмыс жасауына баулуында өзіндік әдіс-тәсілдерімен ерекшеленді. Өз пәнінің білікті маманы ретінде 2010 жылдан бастап ауданда ҰБТ апелляциялық комиссиясының мүшесі болып келеді. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас жасап, бала тәрбиесіндегі аса маңызды тұстарды басшылыққа ала жүріп, еліміздің келешек кемеңгерлерін ұлтжандылыққа тәрбиелеуді өзіндік қолтаңба қалдыруда. «Кемел болашақ», «Ата-ана, мектеп, мұғалім» және т.б басқа тақырыптағы баяндамалары мен өткізген тренингтері мұғалімнің өз ісіне шын ниетімен берілгендігін айғақты.

Мұғалім еңбегінің нәтижесі шәкірт жетістігімен өлшенетіндігін ескерсек, Раушан Болатбекқызынан тәлім терген оқушылары



мемлекеттің үш тұғырлы тіл ұстанымына сай үш тілде еркін сөйлейді. Қожақова Нұргүл, Жұбанжанова Гүлмира, Жұбанжанова Бақытқұл, Алмашова Бибігүл, Таласова Назгул секілді шәкірттері ұстазына еліптеп ағылшын тілі пәні мұғалімі мамандығын таңдаса, Жарболов Дәулет Алматыда ұшқыш мамандығын ағылшын тілінде оқып жатыр. Ерекше атап өтетін шәкірттерінің бірі – 2012-2014 жылдар аралығында аудан бойынша пәндік олимпиадада І орын иеленген Дармағамбетова Снежана. Ол 2015 жылы Канада мемлекетінің Оттава университетінің ұйымдастыруымен өткізілген «Келешекте табысқа жетіңдер» атты ағылшын тіліндегі халықаралық бағдарлама аясындағы сайыста Оттава Университетінің стипендиаты атанды. Ал 2016 жылы республикалық Астана қаласында өткен «Шекспир өмір сүреді» тақырыбындағы ағылшын тілінен интернационалды сайыста да І орынды жеңіп алды. Мектептің биыл «Алтын белгіге» бітірген Снежана қазір Астанадағы Евразия ұлттық университетінде

мемлекеттік грантпен «Аударма ісі» мамандығы бойынша білім алуда.

2015жылы Әмірханқызы Шолпанай Арал аудандық білім бөлімі, «Жастар ресурстық орталығы» ҚММ-нің және «Жас ғалымдар» кеңесінің ұйымдастыруымен өткізілген «Ғылым жолында» тақырыбында ғылыми жобалар олимпиадасында «Арал маңындағы кіші көлдердегі балықтар» тақырыбындағы жұмысын ағылшын тілінде қорғап, жүлделі І орын иеленіп, арнайы дипломмен марапатталды.

2016 жыл Раушанның өзі үшін де жемісті жыл болды. Атап айтқанда, Республикалық «Білім және Ғылым» шығармашылық бірлестігінен білімін шыңдауда кәсіби шеберлігі үшін Ағылс хат және осы шығармашылық бірлестіктің фестивалінде «Ең үздік педагогикалық эссе» бағыты бойынша І орын иеленді. Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасының басым бағыттары, жалпыға бірдей білім берудің мақсатында өз шығармашылығымен ерекшеленіп «Жеңімпаз» айдарын иеленген үшін арнайы сертификатқа ие болды. Қажырлы еңбегі, шығармашылық ізденісі және қоғамдық белсенділігі үшін облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Қазіргі жаһандану дәуірінде сәт сайын өзгеріп, көз ілесес жылдамдықпен дамып жатқан ақпараттық-технологияларды меңгеріп, көштен қалмау үшін ағылшын тілінің маңызы аса зор. Үш тілді қатар меңгерген бала – елдің ертені. «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруда әрбір ұстаз осындай үлестерін қосса, қазақ елінің мемлекеттілігі мығым, көк байрағы биіктен тұған халқына айбат беріп тұрары сөзсіз.

Шоқан ТӨЛЕПОВ.
Арал қаласы.

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ БИГІ ҚҰАНТАДЫ

Қоғам өміріндегі сан алуан оқиғаларға назар аударып отыру кім кімге де артықтық етпесі анық. Баспасөзден облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың облыстық мәслихат сессиясында сөйлеген сөзімен танысып шықтық. Аймақ басшысының «бүгінгі басқосу жергілікті атқарушы биліктің дәстүрлі есеп беруі ғана емес, осы жылы атқарған жұмысымызды, ағымдағы жағдайды талқылаудың тамаша мүмкіндігі» деген сөзіне орай ақжаулықты ана, шәкірт тәрбиелеген ұстаз, қарапайым ауыл тұрғыны ретінде менде өз пікірді білдіруді жөн санадым.

Жалпы, Сыр өңірінде соңғы 3-4 жылда атқарылған игілікті істер мақтанышымен айтуға толық лайықты. Жуырда облыс орталығы – Қызылордада жолым түсіп барғанымда жанарған қаланың сәулетті келбетіне қатты сүйсіндім. Кезінде өзге де осынау тарихи жерден сыр шерткен қалада білім алып, жоғары оқу орнын бітірген едім. Арада өткен біршама жылда шаһардың ажары танымастай өзгеріпті. Қайда қарасаңыз да, әсем салынған зәулім құрылыстар, жасыл желекке малынған көшелер, өзге де нысандарды көресіз. Облыстың қай саласында болмасын өсу, өркендеу бар. Әсіресе кәсіпкерлікті дамыту тұрғысында ілкімді шаруа тындырылған. Әрі, аймақ басшысы айтқандай, «мемлекеттің әрі бизнестің қаражатын босқа шашпау үшін «сан емес сапа» қағидаһын тұтынығаны айқын аңғарылады.

Ұстаз ретінде мені Қырымбек Елеуұлының білім саласына қатысты келтірген дерегі үлкен қуанышқа бөлейді. Онда мектептерде үш ауысыммен оқыту мәселесінің облыс көлемінде түбегейлі шешімін тапқаны, апатты жағдайдағы білім ошақтарының проблемаларын шешуді облыс әкімінің шағарына қарсы жоспарындағы негізгі басымдықтардың бірі ретінде қарастырылғаны, ҰБТ қорытындысы бойынша орташа балл жыл сайын артып келе жатқаны жазылыпты. Мұнан бөлек, жетімдер мен тұрмысы төмен отбасы балаларына бөлінген грант, Ресейде 300-ден астам баланың тегін білім алуы – үлкен жетістік емес пе? Мұндай жайт кешегі Одақ кезінде де болған емес.

Өзім ұзақ жылдардан бері еңбек ететін Жанқожа батыр ауылындағы №94 мектепте де біраз жұмыстар атқарылды. Біздің түлектеріміздің соңғы жылдардағы білім көрсеткіші мақтан тұтуға лайықты. Бірнеше жыл қатарынан «Алтын белгі» иегерлері шықты. Сондай-ақ, өзге де сала бойынша түрлі деңгейдегі боскеде топ жарған шәкірттеріміз баршылық. «Төртеу түгел болса, төбегеі келеді» демекші, баршасы ауызбіршілік, ынтымақтық жемісі екені хақ. Еңдесе ауызбіршілігіміз ұзағынан сүйсіндірсің.

Зағира ИСАЛДА,
№94 мектептің мұғалімі.
Қазалы ауданы.

● СҰХБАТ

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ

Тәлім мен тәрбие мәселесі – қоғамымыздың келешегі. Жас жеткіншектердің рухы мықты, танымы мен тағылымы кең тұлға етіп қалыптастыруда, оларды бәсекеге сай білімді азамат етуде ең негізгі салмақ ұстаздарға артылатыны анық. Осы орайда қазіргі заман ұстазына қойылар міндет пен жауапкершілік жүгінің қаншалықты жоғарылағанын байқауға болады. Біз білім саласы қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында облыстың бас ұстазы Бақытжан Сайлыбаевпен осы тәңіркеге әңгіме өрбіткен едік.

– Бақытжан Әбдіхалықұлы, төл мерекелеріңіз құтты болсын! Өзіңіз білесіз, бүгінгі білім беру мазмұны өзгерді. Өйткені бәсекеге қабілетті жас ұрпақты заман талабына сай оқытып, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу басты міндет. Аймақтың бас ұстазы ретінде қазіргі заман мұғалімі қандай дәуір керектігіне сипаттама беріп өтсеңіз...

– Еліміздің еңсесін көтеріп, несібесін еселеп жүргендердің алдығы шебінен әрқашан да ұстаздар табылатыны ақиқат. Ұстаз – шәкірт үшін жай ғана ақпарат жеткізуші тұлға емес, ол оның жүрегіне білімге деген ықылас, адамға деген мейірім мен махаббат нұрын себуші, ұлық тұлға.

Бүгінгі күн – білім берудің мазмұнына, оқушы мен педагог тұлғасына және қызметіне деген көзқарастардың түбегейлі өзгеріске бет бұрып отырған кезеңі. Осыған орай, қазіргі кезде білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформа барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жанартау және өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Мектеп ұлт келешегінің зияткерлік пен зиялылық құндылығын қалыптастыратын бастау болып қала бермек. Өйткені білім ақпараттық қоғамдағы экономиканың ең негізгі қозғалуы күшіне айналды. Мұндай қоғамда жақсы маман, заманға сай адам болу үшін білім мен білік ұдайы жаңарып, тоқтаусыз дамып отыру тиіс. Сондықтан да, мектеп өмір бойы азық болар білім беретін ордадан, оқушыны өмір бойы білім жинауға, дамылсыз өзін-

өзі жетілдіруге үйрететін ортаға айналуы қажет.

– Биылғы жаңа оқу жылының басты жаңалығы деп нені айтар едіңіз?

– Басты жаңалық – 2016-2017 оқу жылында бірінші сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алуға көшті. Сонымен бірге, негізгі және жоғары сыныптарда үш тілде білім беруге көшу бойынша дайындық жұмыстары басталды. Жаңартылған білім мазмұнына көшу бүгіннен басталған бастама емес. Елімізде жаңартылған оқу бағдарламаларын әзірлеу және сынақтан өткізу бойынша бес жыл бойы ауқымды жұмыстар жүргізілді. Біздің облыста бағдарламалар 2 пилоттық мектепте сынақтан табысты өтті. Сәт сайын жаңарып жатқан ақпаратты заманда адамның күрделі тапсырмаларды игеріп, орындай білуін талап етеді. Ол үшін оқушыларға білім берумен қатар көшбасшылық қасиеттер мен біліктілік сапаларын бойларына сіңіру қажет. Жаңартылған орта білім мазмұны бағдарламалары бұл жаңашылдықпен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда кадрларды қайта даярлау бойынша бағдарламда бұрынғыға қарағанда басымдылық берілген. Жаңартылған білім мазмұны бойынша биылғы жылы облыста бастауышқа сабақ беретін 2122 педагог «Өрлеу» біліктілігін арттыру институты мен Назарбаев Зияткерлік мектептері педагогикалық шеберлік орталығында арнайы даярылық курстарынан өтті. Олар еңбекқисына үстемасқы алалы. Ұстаздар жаңа контентті жоғары бағалап, оның заманауи әрі қолайлы екенін айтады.

– Соңғы жылдардағы білім беру саласының жетістіктері қандай?

– Соңғы екі жылда ҰБТ-дан Қызылорда облысының түлектері биік белестерден көрінуде. Дарынды оқушыларымыз әлемнің әр елінде өткізілген халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарында жүлдегер атанды. Ұстаздарымыз да құр қол емес, республикалық «Үздік педагог» байқауында облыстың 4 мұғалімі жеңімпаз атанып, әрқайсысы 2 млн. иегері атауында. Сонымен қатар, 390 тұлғеміз Ресейлік ЖОО-да білім гранты негізінде оқуға мүмкіндік алды. Бұл жас өрлерден ендігі бірер жылда аймақ даму-

ында өздерінің зор үлестерін қосатыны анық. Бұл жетістіктер облыс ұстаздар қауымының үздіксіз еңбегі деп білемін. Мектептің білім беру қызметінің сапасы ең әуелі оның кадрлық әлеуетіне байланысты болатыны да белгілі. Облыста жалпы орта білім беретін мектептерде барлығы 18423 мұғалім қызмет етеді. Оның ішінде, бірінші және жоғары санатты мұғалімдердің үлесі 45,5 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіштер жаңартылған мазмұндағы білім беру үдерісіне сәйкес артатын болады.

– Жуырда өзіңіз білесіз, халық қалаулылары ұстаздардың жалақысын Імнің долларға дейін көтеру керектігін айтып ұсыныс жасады. Жалпы, бүгінгі кезде мұғалімдер жалақысы көңілден шыға ма? Бұл бағытта қандай шаралар жасалауда?

– Орта білім беру саласындағы жағымды жаңалықтардың бірі – 2016 жылдан бастап ұстаздар жалақысының өсуі және алдағы уақыттың енішінде еңбекке толеу жүйесін өзгерту мәселесі де қолға алынатын болады. Мұғалімдер жаңа бағдарлама бойынша қағазбастылықтан да арылады. Бұдан бөлек, білім сапасын бағалау да электронды түрде ауыстырылады. Ендігі жерде өз кезегінде ұстаздар қауымы да қоғам мен ұрпақ алдындағы жауапкершілігін естен шығармауы қажет.

– Әріптестеріңізге мерекелік тілегіңіз...

– Облыстың ұстаздар қауымы білім үдерісіне енгізіліп жатқан жаңашылдықты еркін менгеріп, еліміздің келер күнгі келбеті – қазіргі жас буынды оқыту мен тәрбиелеуде зор үлестерін қосатынына сенімім мол. Егемен елдің ертінеіне үлес қосатын тәуелсіз мемлекеттің саналы ұрпағы саналатын шәкірттердің ізгі сарайын біліммен сәулелендіріп, білімнің биігінен көру – бәріміз үшін үлкен бақыт. Бұл игі істердің басты тұлғасы – мұғалімге құрмет пен алғыс арта бермек. Барлығымызға мереке құтты болып, шәкірт тәрбиелеудегі игі істеріміздің берекесі арта берсін дегім келеді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Қазақстандық табиғи минералды су: ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ ПАЙДАЛЫ

Қазақстанда құрамы бірегей табиғи минералды сулар бар. Олардың қасиеті Перье, Витель, Боржом, Эвиан сияқты әлемге аты әйгілі сулардан ешбір кемдігі жоқ. Тек импортты сулардан жалғыз айырмашылығы – бағасы еліміздің әрбір тұрғынына қолжетімді.

Экологиялық тұрғыда ең таза аймақтардың бірі болып табылатын Бурабай шипажайындағы «Бұқпа» өндіріс орнында шығарылатын TURAN табиғи минералды суына осы әйгілі тарихи атауды берген еліміздің бас курортологы, академик Б. Өздікәрімов. Темір дәуірінде қазіргі Қазақстанның аумағы «TURAN» деп аталған. Күнделікті ішуге арналған TURAN суының құрамында адам ағзасының тәуліктік мұқтажығын өтейтін барлық пайдалы заттар мен минералдар бар.

TURAN суын өндіріп шығаратын Asia Waters қазақстандық халықаралық холдингі бақылау кеңесінің Төрағасы Шалқар Нұртілеуов: «2016 жылдың басынан бері біз қазақстандықтарды ауыз су мәселесіне қатысты ағарту жөніндегі ауқымды ақпараттық жұмыс жүргізудеміз. Сапалы табиғи судың денсаулық үшін маңыздылығын халықтың санасына сіңірумен қатар TURAN табиғи минералды суының бағасын бүкіл еліміздің халқына қолжетімді дәрежеге жеткізуге тырысудамыз. Сондай-ақ біз журналистердің және еліміздің бүкіл ақпарат құралдарының су мәселесі туралы ақпарат таратуымызға қолдау көрсетуді өтінеміз, себебі ол ұлт денсаулығының негізі».

Біздің басылымымыз Asia Waters компаниясының бастама-сын қолдап, біз Қызылорда қаласының тұрғындарынан TURAN суы жайлы пікір бөлісуін сұрадық.

СЕРМАХАНОВ Руслан, электр шебері:

– Қандай су дейсіз бе? Бағасы қолжетімдісін аламыз. Міне, TURAN суын алсаң, оның бағасы



да қолжетімді, ал өзі табиғи, пайдалы су. Мен өз денсаулығымға да пайда әкелдім, қаражатымды да үнемдедім. Қосарлы пайда дегендей-ақ!

ДАУЛЕТОВА Жұмакүл, сатушы:

– Баршаңызға TURAN-ды ішіңіздер деймін, өйткені мен үнемі өзіме ұнайтын заттарды ғана ұсынамын. Ал енді білмей кеңес берсең, сатып алушылар дүкенге келмей қояды (күледі). Ал жақсы нәрсе туралы кеңес берсең, кейіннен рахмет айтады. Осы TURAN-ның да жайы осындай. Өзімізде осындай пайдалы су бар екендігіне таңқалады.



ЖЕЛДЕРБАЕВ МАКСАТ, такси жүргізушісі:



– Мен үнемі жолда, қолымнан тәуліктен руль түспейді. Ал жолға шыққан кезде, әсіресе, құныстықта шөлдей бересін. Сондықтан да мен TURAN суын алып жүрмін. Күлетін шығарсыздар, бірақ маған оның бетелкесі де ұнайды. Ол мықты жұмыр. Орындықтан еденге түсіп кеткен кезде шағылмайды да, сынбайды.

«МИЛЛИОНЕР» ҰСТАЗДАР

Жуырда мерекеде «Үздік педагог-2016» республикалық байқауының 4 жеңімпазына 2 миллион теңгенің сөтификаты табысталды.



орын алу.

Жадыра Әжібаева Сәлімжанқызы. Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі. Республикалық «Үздік педагог» байқауында оза шауып, 2 миллион теңге көлемінде сыйақыны иеленгендердің бірі. Жоғары санатты мұғалім, шеберлік деңгейі мұғалім-модератор. Ол түрлі сайыстар мен іс-шараларға қатыса отырып, нәтижесінде 2013 жылы Қызылорда облысы әкімдігінің білім беру саласы қызметкерлеріне тағайындаған 1000000 теңге көлемінде сыйақысымен марапатталып, «Шығармашыл мұғалім» номинациясын иеленген. Елбасының «Үш тұғырлы тіл» саясатының өркендеуіне мол үлес қосып келеді. «Үздік ғылыми жоба-2015» Республикалық ғылыми жобалар байқауында оқушысы Монтаев Асылбек бас жүлде иеленсе, 2016 жылы «Үздік ғылыми жоба-2016» байқауында Ердібек Саят I-орынды қанжығасына байлады. «Алтын формула» атты Халықаралық педагогикалық жобалар байқауына қатысып, «Әдістемелік нұсқаулық» бағыты бойынша, әріптесімен бірігіп жазған еңбегі «Сабақ барысында дифференциацияны жүзеге асыру жолдары» құнды деп бағаланып, 2-орынды иеленді.

Салтанат Тажитбаева Балтабекқызы. Қызылорда қаласындағы №3 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, үшінші деңгей бағдарламасы бойынша сертификатталған ұстаз. Ол зияткерлік іс-шаралар арқылы дарындылықты тану мен дамыту бағытында үлкен үлес қосуда. Орыс тілінде оқылатын мектептің 1-9 сыныбына арналған «Диктанттар жинағы» атты әдістемелік оқу құралының авторы. Бірінесе мәрте облыстық, республикалық, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Шәкірттері қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пән олимпиадаларында, шығармашылық сайыстарда, ғылыми жоба жарыстарында жүлделі жүлделі орын алуға. Жыл сайын оқушылары ҰБТ-дан 25 балл алып келеді. 2013 жылы мұғалімдерге арналған КИО олимпиадасынан II орын иеленді.

Әбіева Гүлжайна Өтепбергекқызы. М.Мәметова атындағы колледжінде педагогика және психология пәнінің оқытушысы. Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын гуманитарлық колледждердің бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру бағдарламасы бойынша тренерлік оқыту курсынан дәріс алып, сертификатталған ұстаз. Ол колледж оқытушылары мен студенттерге арналған «Жаңа педагогикалық технологиялар пәнінен интерактивті сабақ жоспарлар жинағы», «Тәрбие жұмысының әдістемесі пәнінен сабақ жоспарларының жинағы», «Оқуыңды белсенді әдістері» атты әдістемелік көмекші құралдар жинағының авторы. Шәкірттері қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пән олимпиадаларына, шығармашылық сайыстарға, ғылыми жобалар сайысына қатысып, жүлделі орындар алған. Облыстық «Үздік әдіскер» байқауында I орын, сонымен бірге республикалық семинарға қатысып ғылыми жоба қорғау бөлімі бойынша III орынды иегері.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Менің алғашқы ұстазым

Ұлағатты ой иелері де, парасатты қоғам қайраткерлері де жазушы мен ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балықтан жұмысшы да, егін еккен диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де – бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Алғаш әріп танытып, өмірдің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарды терең түсінуге мұрындық болып, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі көңіл төрінен орын алады. Әсіресе, алғаш қалам ұстатып, әріп танытқан алғашқы ұстаз бейнесі жүректерде мәңгі сақталары анық. Сіздің алғашқы ұстаыңыз кім? Біз осы сауалдарды халыққа қызмет етіп жүрген, елдің алдында жүрген бірнеше азаматтарға қойған едік.

Руслан РҮСТЕМОВ, олбыс әкімінің орынбасары: Менің балалық шағым 70-жылдардың басында Қармақшы ауданы «Жаңа қала» ауылында өтті. Ауданнан 150 шақырым жерде орын тепкен ең шеткі ауыл болатын. Ғылымға шығар баспалдақ – білім, білімнің орнайтын іргетасын берік етіп қалайтын – алғашқы ұстаз. Алғашқы ұстаз – бір төбе де, одан кейінгі барлық ұстаз – бір төбе! Алғашқы ұстаз шәкірт үшін – аламантану, дүниетану, сөзтану, өнертану, білімтану. Балаң шәкірт бәрін де алғашқы ұстазының көзімен танып-біледі. «Сөздің тағдырының сипаты – кіндік шешеден» дейтін сияқты, шәкірттің де білімнің қуат-күші, мінез мәдениеті, еңбек дағдысы – алғашқы ұстаздан. Міне, сондықтан да мен өзімнің алғашқы ұстазым Ханшөбі Әлиасқарқызы Боранбаева апайымды ерекше құрметтеймін. Оның үйреткен тәлім-тәрбиесі бізге өмір бойы азық болып келеді. Ол кісінің де өміржолы біз үшін сабақ десем болады. Ауғанстан жерінде туылған ұстазымыз елге келуі, осында өсіп-өнуі өз алдына бөлек бір әңгімеге арқау боларлықтай.



Апайымның айтуынша, оны ата-анасы дүңгірт қорқынына салып, тау-тастың үстімен жүріп, Тәжік-ауған шекарасындағы Пандж өзенін кешіп өтіп, жасырып алып келген екен. Бізге үнемі тыным өмірдің, бейбіт заманның қадірін білудің деп айтып отыратын.

Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ, «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары: Мен қаладағы №10 орта мектепте оқыдым. Біздің алғашқы ұстазымыз Хадиса Серібайқызы болатын. Бір сыныпта 36 оқушы оқыдық. Соның барлығын бірдей көретін. Бізді бауырмалдыққа

басылымдарда жарық көрді.

2014 жылы Қазақстан ұстаздар қауымдастығы медалінің игері атанып, есімі «Қазақстан ұстазы» электронды энциклопедияға енді. Сонымен бірге тәжірибелі ұстаз заман талабына сай оқытудың жаңа технологияларын ендіруде дамыта оқыту идеясын ұсынып, өз белсенділігін танытып келеді. Оқушыларды білім нәрімен сусындатуда түрлі жаңашыл әдістерді пайдаланып, сабақтың қызықты өтуін алдығы орынға қояды. Шәкірттерінің білімін одан әрі арттыру мақсатында оларға үнемі қолдау білдіріп отырады.

Бүгінде Райяның шәкірттері талай додаларда топ жарып жүр. Сонымен қатар халықаралық, республикалық және қалалық олимпиадаларға қатысып, жеңімпаз атанып, ұстаз мерейін тасытуда.

Өз мамандығын ерекше сүйіспеншілікпен жақсы көретін ұстаз бар қажырлы еңбегін осы салаға бағыттан келеді. «Оқушының жетістігі, ұстаз жемісі» дегенді алға тартатын Рая білімді ұрпақ тәрбиелеуді міндеті санайды.

Сара АДАЙБАЕВА.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

2012-2013 жылдар

● Президент

ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫНА ҚАРАЙ – 20 ҚАДАМ



2012 жылғы маусымда Рио-де-Жанейрода БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі “Рио+20” мерейтой конференциясы өтті.

Бұл конференцияда қазақстандық бастамалар қолдау тапты. “Біз қалайтын болашақ” дейтін қорытынды құжаттың “Энергетика” тармағы шын мәнісінде, Қазақстан ұсынған жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияның максаттары мен міндеттерін қысқаша баяндау болып шықты.

Конференцияға қатысушылар энергияның тиімділігін арттырудың, қайталанба қуат көздерінің үлесін молайтудың, экологиялық жағынан неғұрлым таза және қуат пәрменділігі күшті технологиялардың тұрақты даму, соның ішінде климаттың өзгеруімен күресу үшін маңызды зор екенін келісті және мойындады.

Дүниеге жаһандық энергиялық-экологиялық стратегиясын ұсына отырып, Қазақстанның мәлімдегісі келгені де нақ осы болатын.

Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияның идеялары Рио+20 қолдаған БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Муниның “Баршаға ортақ тұрақты

энергетика” бастамасында неғұрлым толық тұрғырым тапты. Оның шеңберінде қуат ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ қайталанба қуат көздерінің энергиялық пәрменділігіне назар аударылған.

Қазақстан Президентінің “Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам” атты Жолдауы жарық көрді. Жолдауда Елбасы бүгінгі әлемде қалыптасып отырған дағдарысты туындатқан мәселелердің себеп-салдарына кеңінен тоқталды. Мемлекет басшысының атап көрсеткеніндей, еңбек ХХІ ғасыр жағдайындағы шешуші ұлттық фактор ретінде, жаһандық бәсекелестік жағдайында алдыңғы кезекке ілгерілетілуі тиіс.

Еңбек адамының беделін көтеру қай кезеңдегіден де барынша маңызға ие болып отыр. Еңбек қоғамына қарай қалай ілгерілеуге болады? Елбасы олардың жолдарын атап көрсетті. Жана өндірістер, білім беру мен ғылымның жаңа жүйелері, орта тапты дамыту қазақстандықтар санасында үлкен өзгерістер қалыптастыруы тиіс.

Қазақстанда мемлекет – әлеуметтік жаңғыр-

ту үдерістерінің бастамашысы және басты қозғаушы күші. Мемлекеттің стратегиясы әлеуметтік қорғаудан әлеуметтік прогреске бағытымен құрылады. Бұл масылдыққа жол жоқ дегенді білдіреді.

Қазақстан қоғамы жаңа индустриялық-инновациялық экономика жағдайында дамытын болады. Осы орайда орта таптың үздіксіз өсуіне, инновациялық экономиканың басты қозғаушы күші – креативті таптың пайда болуы мен дамуына жағдай жасау маңызды.


Президенттің пікірінше дамудың эволюциялық қағидасы басты ұстаным ретінде ұсталады. Ешқандай “алға озу” болмауы тиіс. Әлеуметтік саладағы барлық өзгерістер Қазақстан экономикасының даму деңгейі мен мүмкіндіктеріне сәйкес келуі тиіс.

Барлық жұмыс мемлекеттің, бизнес пен азаматтың тығыз өзара іс-қимыл негізінде құрылуы тиіс. Бұл жерде биліктің міндеті – мемлекет, қоғам мен жеке адам мүддесінің рационалды тепе-теңдігін қамтамасыз ету болып табылады. Шынайы әділеттілік дегеніміз, міне, осы.

2012 жылғы Жолдау әлеуметтік саланы жаңғырту үдерістеріне қуатты серпін берді. Мемлекет басшысының атап көрсеткеніндей, алайда іс жүзінде әзірше проблемалардың ең үстіңгі “қабаты” ашылды. Осы себепті олар одан әрі шешуді қажет етеді.

Білім беру туралы заңға сәйкес, елімізде 9 жылдан бері Біртұтас ұлттық тестілеу жұмысы істейді. Оны өткізу қоғамда түрліше бағалануда. Мемлекет басшысы осыған орай білім сынағын жетілдірудің жолдарын ұсынды. “Медиация туралы” заңның қабылданғанын ескере отырып, оның тиімді тұстарын өмірде жиі пайдалану туралы өз тұжырымдарын ортаға салды.

Қазақстан Президенті 2013 жылы “Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – Мемлекеттік саясаттың басты мақсаты” атты Жолдауында өткен жыл Қазақстан үшін жан-жақты экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында тағы бір сенімді ілгері қадам жасалған жыл болғанын атап көрсетті.



EXPO-2017 КӨРМЕСІ АСТАНАДА ӨТЕДІ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Франция Президенті Франсуа Олландпен кездесіп, екіжақты келіссөздер жүргізді. Сапар барысында ерліпте елдердің сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері кеңінен талқыланды. Бірақ бұл сапардың басты жемісі – Парижде өткен EXPO Халықаралық көрмелер бюросы

Бас Ассамблеясының 152-сессиясында «EXPO-2017» халықаралық көрмесінің Астана қаласында өтетін болып шешілуі болды. Бюроға мүше 161 мемлекеттің жасырын дауыс беруі нәтижесінде Астананы 103 ел қолдады. Бұл салтанатты да маңызды таңдау сәтінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзі Астанаға жанкүйер болды.



ҒАСЫР ЖОБАСЫ

Елбасы биылғы Жолдауда “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” халықаралық автомобиль дәлізінің қазақстандық учаскесінің құрылысын аяқтаудың маңызы зор екенін атап көрсетті. Сондықтан бұл жұмысты алдағы жылы аяқтауды мақсат етіп қарастырды. Ғасыр жобасы атанған халықаралық магистральдық жолдың қазақстандық аумағының ба-сым бөлігі біздің облыстан өтеді.

Оған ірі шетелдік компаниялармен қатар жергілікті жердің жол-құрылыс мекемелері де қатысуда.

Сонау Еуропадан Қытайға дейін созылып жатқан бұл дәліздің жалпы ұзындығы 8445 шақырымды құрайды. Оның қазақстандық аумағының ұзындығы – 2787 шақырым. Жолдың жалпы құны 825 млрд теңге. Ол республикалық бюджет қаржысы және халықаралық қаржы

институттарының займын тарту есебінен қаржыландырылып отыр.

Негізі “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” халықаралық көлік дәлізі жобасының қайта жаңарту жұмыстары Қазақстанның бес облысы аумағынан өтеді. Соның ішінде оның Қызылорда облысындағы учаскесінің ұзақтығы 812 шақырымды құрайды. Бұл жолдың 246 шақырымы бірінші техникалық, ал 566 шақырымы екінші техникалық категорияға жатады. Жол құрылысы толық аяқталғанда онда көлік құралдарының жүру жылдамдығының көрсеткіші 120 шақырым сағатқа өседі. Әрі ол үлкен жүктерді тасымалдауға, соның ішінде бөледулік өлшеммен айтқанда, 13 тонна жүкті көтеруге есептелген. Жалпы, бұл маңызды жоба аясында облыста екі деңгейлі 14 жол айрығы, 4 теміржол өткелі, 48 көпір, 336 дана құбыр мен 74 мал өтетін орын салынады. Сондай-ақ, құрылысты салу кезінде бұл жол сепіз елді мекенді, атап айтқанда, Арал ауданы мен Әйтеке би, Жосалы кенттерін, Ақжарма, Шаған ауылдары мен Қызылорда қаласын және Шиели ауданын айналып өтеді.

● Жылдар жаңалығы

СЫР Өңірінде Құбыр тарту басталды

“Бейнеу-Бозой-Шымкент” магистральдық газ құбырының құрылысын 2013 жылдың тамыз айында кең ауқымды көлемде бастау көзделген болатын. Жобаны жүзеге асырушы қазақ-қытай бірлескен компаниясы өткен жылы күзде Түркістанда құбырдың бірінші түйісін дәнекерлеу рәсімін өткізген еді. Енді Сексеуіл және Қызылорда учаскелерінде құрылыс-монтаж жұмыстары басталды.

Магистральдық құбырдың “Бозой-Қызылорда” учаскесін қытайлық бас мердігер, қалған бөлігін екінші бас мердігер қазақстандық құрылым жүргізетін болады. Жалпы ұзындығы 1475 шақырым желінің құрылысына шетелдік және отандық көптеген мердігер мекемелер тартуда.

Қызылордалық “Транс-Азия Констракшн” ЖШС жобаға қатысушы мекеме ретінде құбыр салу жұмыстарын бастап кетті. Тәжірибелі басшы, іскер ұйымдастырушы Сүлеймен Атаниязов басқаратын белгілі серіктестік осындай жұмыстарға маманданған бірден-бір отандық кәсіпорын. Өйткені, халықаралық магистральды жүргізуге салаға кәсіби маманданған мекемелер ғана қатыса алатындықтан, іріктеу сындырынан өту оңай шаруа емес.

Серіктестік желінің 882,6 шақырымынан бастап 70 шақырымнан астам жерге құбыр тартыды.

СЫРДАРИЯ АУДАНЫНДАҒЫ КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ

Теренөзек кенті тұсындағы көпір құрылысының қаржысы республикалық бюджетке енгізілді. 2012 жылы 500 млн теңге бөлініп, халықтың көптен күткен көпір құрылысы бастау алды. Ал 2013 жылға қараған 1 млрд теңге қаржыны мердігер компания толық игерді.

ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ЕҢ БИІК ҒИМАРАТ



Қызылорда қаласындағы ең биік ғимарат – “Бастау” бизнес орталығының ашылу салтанаты өтті. Алыстан көз тартатын әсем ғимарат жергілікті бизнес өкілдерінің алаңсыз жұмыс істеуіне, кәсіпкерлігін өрістетуге арнап салынған. Орталықтың тағы бір ерекшелігі – оның сыртқы көрінісі, ішкі құрылымы, су, жылу, желдету, көріз, өрт қауіпсіздігі жүйелері еуропалық стандарттарға

толығымен жауап береді. Зәулім сарайды салу барысында құрылыс саласындағы заманауи үрдістер қолданылған.

Салтанатта сөз сөйлеген облыс басшысы жоғары деңгейдегі ғимарат құрылысын қолға алудың, оны салып бітірудің өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары болғанын атап өтті. Компания басшыларының туған қаласын өркендетуді көздеген, елжандылық сезімімен туындаған идеясынан осындай көз тойтын көрікті орын пайда болды.

ЖАҢА ЕМХАНА



Қызылорда қаласында жаңадан салынған №3 емхана жұмысын бастады. Бір ауысымда 500 келушіге дейін қабылдай алатын бұл медициналық мекеменің құрылысы “100 мектеп, 100 аурухана” жобасы аясында жүзеге асырылды. Жібек жолы даңғылына ерекше көрік беріп тұрған сәулетті ғимаратты облыстық құрылыс басқармасының тапсырысы бойынша “Технонастка Ремсервис” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі салған болатын. Сметалық құны 1 млрд 298,2 млн теңгеге бағаланған емхана 350 ересек жандар мен 150 балаға арналған қос ғимараттан тұрады.

Аталған медициналық нысан «Астана», «Арай», «Сәулет» шағын аудандарының 60 мың тұрғынына бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетеді. Осыған орай енді №1 және №6 емханалар дәрігерлерінің жүктеме-лері азаятын болды. Заманауи медициналық құралдармен жабдықталған емханада облыс орталығының тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасы жақсарып, соған сай ауру-сырқау деңгейінің төмендеуіне септігін тигізеді деп күтілуде.

САЛЫМШЫЛАР ПӘТЕР АЛДЫ

2013 жылы Қызылорда қаласындағы “Астана” шағын ауданында “Қолжетімді баспана – 2020” бағдарламасының тұрғын үй жинақ жүйесі арқылы халықты баспанамен қамтамасыз ету бағыты бойынша 50 пәтерлі ипотекалық көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді.

Бетті әзірлеген Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ.

● Экономика

АЙМАҚТЫ ДАМУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ ЖАСАЛДЫ

2013 жылғы 4 сәуірде РФ Президенті жанындағы Ресей Мемлекеттік қызметі және халық шаруашылығы академиясының кафедралар меңгерушісі, РФА академигі Абел Аганбегян бастаған ресейлік экономистер тобы жұмысы тобына Қызылорда облысын 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамытудың стратегиялық жобасының алдын ала жасалған нұсқасын ұсынды.

Академик Аганбегянның айтуынша, мұндай стратегия бүгін дейін Ресей мен оның алыс аймақтарында және Моңғолия мен Арменияда жүзеге асырылған. Қызылорда облысына арналған стратегиялық жоба бойынша ғалымдар үш ай бойы жұмыс жасап, оны тамыз айында аяқтауды көздеп отыр. Стратегияда негізгі деген екі мақсат – республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына облыстың үлес қосуын арттыру мен тұрғындардың өмір сүру деңгейін жақсарту көзделген.

Абел Гезевтіңң әңгімесіне қарағанда, біздің облыс әлемдік деңгейді айтпағанның өзінде дамуың барлық түрі бойынша орташа қазақстандық деңгейден төмен. Ал көздеген максатқа және Қазақстанның өз алдына қойып отырған әлемнің дамыған 30 елдің қатарына кіру

үшін бірқатар өзгерістер қажет. Атап айтқанда, өнеркәсіптің өңдеу саласын дамыту керек. Оны іске асыру үшін облыста ванадий және ферросилиций өндірісін кеңінен пайдалануға болады. Ал, нарықтық жағдайда мыс, қорғасын, табиғи газ және басқа салаларда бұл шикізатқа деген сұраныс жоғары. Сонымен қатар облыс экономикасының басым бөлігі пайдалы қазбалардан тұратынын ескерсек, онда бұл өндірісін өнеркәсіпті дамыту деңгейін сақтау қажет. Химия саласын да дамытудың маңызы зор. Өйткені, қазірдің өзінде аймақта полиэтилен трубалары мен күкірт қышқылын өндіру, ас тұзы және басқа да өндірістердің көзі бар. Сондай-ақ, облыстың ауыл шаруашылығын қалпына келтірудің де маңызы зор. Бұл орайда облыс жайылымдық жерлерге бай. Әрі жоңышқа секілді жұғымды мал азығын егін жинауға мал мүмкіндігі бар. Соған сәйкес, 1000 бастан жоғары мал ұстайтын ірі шаруашылықтар құрылса, ол өз кезегінде жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамытуға жол ашады. Болашақта машина құрылысы саласын, соның ішінде ауыл шаруашылығы техникаларын шығаруды да дамыту қажет. Ең жолдарды қайта жаңғыртқанда жанар-жағармай құю бекеттерінің жұмысын рет-

ке келтірген дұрыс. Өйткені, сол бекеттер мұнай компанияларының кең ауқымда жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бөлікке сауданы да дамыту керек. Ең бастысы, Байқоңыр ғарыш айлағына бағытталған мүмкіндікті пайдаланып, туризм саласын дамытқан дұрыс. Экономикалық білімді, соның ішінде атап айтқанда, ғылымды, білімді, денсаулық сақтау, ақпараттық технология мен биотехнологияны дамытуға ерекше көңіл бөлу керек.

Сөз қорытындысында академик біздің қазіргі кемшіліктерді толықтай еңсеріп, дамудың даңғал жолына түсуге мол мүмкіндіктің бар екенін атап өтті. Осы орайда ол Елбасының мемлекетті дамытудың болашақ кластерлері тап бір біздің аймаққа бағытталғандай екенін де жеткізді. Дегенмен де, ғалым болашақта Қызылорда облысы республикадағы соңғы орындардан үздіктер қатарынан көрінетініне сенімді. Бұл ойды облыс әкімі Қырымбек Көшербаев та қолдап, қызылордалықтардың мемлекеттен көмек алу-ды күтпей-ақ, керісінше тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі мен дамуына өз үлесін қосатын кез келгенін атап өтті.

● Индустриялық жобалар


“ЖЕЗҚАЗҒАН-СЕКСЕУІЛ-БЕЙНЕУ” ТЕМІРЖОЛЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Жолдауындағы тапсырмасына сәйкес және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында белгіленгеніндей, “Жезқазған-Бейнеу” теміржол құрылысын таяуда бастау көзделуде.

Жобаны жүзеге асырудың басымдығы айқын. Ол Ақтау теңіз порты арқылы батыс өңір мен Азия елдері арасындағы қашықтықты орта есеппен 600 шақырымға қысқартуға, еліміздің теміржолына Қытай, Еуропа және Кавказ аралығында тасымалдануы жоспарланған транзиттік жүк көлігін 30-дан 50 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік бермек. Тұтастай алғанда, жобаны жүзеге асыру еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуына сүбелі үлес қосары анық.

Қазақстанның орталық өңірлеріне және Достық стансасынан елдің батыс өңірлеріне жүктердің тікелей тасымалын құруды көздейтін жаңа желінің ұзындығы 988 шақырымды құрайды. Жол өтетін ең тиімді екі учаске ретінде “Бейнеу-Шалқар” және “Сексеуіл-Жезқазған” желісі таңдалып алынды. Бұл алғашқы нұсқаның жобалық құны 327 млрд теңге, алғашқы желі – 156, келесі тармақ 171 млрд теңгені құрайды. Жаңа жолдың тиімділігі жоғары, бір ғана “Сексеуіл-Жезқазған” бағытында бірнеше мыңдаған адам жұмысқа тартылады.

Жоба бойынша “Жезқазған-Сексеуіл-Шалқар-Бейнеу” үлкен транзиттік орталықтарға айналады. Көрші Украина мен Беларусь мемлекеттері осы транзиттен ғана 30 пайыз пай-



да көріп отыр екен. Үлкен құрылыс аймақтар экономикасына тын серпін беріп, жолға отандық материалдар пайдаланылатын болады. Соның нәтижесінде жобадарға қазақстандық мазмұн 80 пайызды құрайды.

халқының әкесін ұмытпай, осындай үлкен құрмет көрсеткеніне алғысын жеткізді.

Салтанат ауылдың орталық алаңында жалғасын тапты. Мұнда Қиыр Шығыстан жер аударылып, қазақ даласында баспана тапқан қиын кезеңдерді бейнелеген театрландырылған қойылым көрсетілді. Шарада жиналғандары облыс әкімі Қ.Көшербаев құттықтады. Атап айтқанда, облыс басшысы Сыр жері көптеген жеке тұлғаларды өсіргенін айтты. Олардың көбі азаматтық танытып, өз елінің патриоттары бола білді. Сол кездегі саясаттың күшімен корей халқы Қазақстанға күштеп жер аударылды. Солардың қатарында Цай Ден Хак осы ІІІ Интернационал қолхозына келіп оның негізін қалап, өркендеуіне көптеген еңбек сіңірді. Бұл ауыл төрағаның адамгершілігі мен еңбекқорлығының, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жоғарғы көрсеткіштерге жетті. Оның бастамасымен аймақта көптеген күршішілер өсіп шықты. Сондықтан да ауыл тұрғындары оны қалай мектеп тұтса да жарасалды.

Цай Ден Хак – 100 жыл

ӘЛЕМНІҢ ӘМІРШІСІ – ЕҢБЕК

Қармақшы ауданының ІІІ Интернационал ауылында Социалистік Еңбек Ері Цай Ден Хактың 100 жылдық мерейтойына арналған мерекелік шара өткізілді. Бұл шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Баршаға белгілі бұл ауыл жыл өткен сайын өсіп, өркендеп келеді. Осы күні келген қонақтарды олар көтеріңкі көңіл күймен қабылдады. Салтанаттың басы Цай Ден Хак атындағы мұражайдың жұмысымен танысудан басталды. Бұл мұражай осы қолхоз төрағасының өзі тұрған үйіне орналастырылған. Мұражай алты бөлмеден тұрады. Онда аудан мен ауылдың еңбек және соғыс ардагерлері туралы материалдар мен суреттер қойылған. Әрі қолхоздың даму жөніндегі мәліметтері берілген.

Мұнан кейін облыс әкімі Цай Ден Хактың ескерткішіне гүл шоғын қойды. Сөйтіп аты аңызға айналған қолхоз төрағасының балалары мен немерелері және шөберелерімен сұхбаттасты. Сөз кезегінде аймақ басшысы оларға жекелерінің елге сіңірген еңбегі үшін ризашылығын білдірді. Қолхоз төрағасының ұлы Борис, қызы Зинаида және Евгения өз кезегінде Сыр

Мотивация (үәж) – оқушының білімге

2. Әр оқушының дамуын қадағалау.
Оқу максаттары өлшенбей, қолжазбалық, нәтижелері айқын түрде ұсынылғандықтан, оқу нәтижелері арқылы көрсетілуі тиіс.
Ал оқу нәтижелері оқушының сабақтағы үстінде атқарған әрекеттері арқылы бағаланып, құрастырылады. Мұнда сабақ максаттарымен нақтылау оқушының белгілі бір уақыт ішінде не істей алатындығы, яғни нақты

Жанар ИСАЕВА,
Қызылорда облыстық педагогикалық
қызметкердің біліктілігін арттыру
институтының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының
кандидаты.

Р/С	Соттатуушунун атынан, кыскача атын, номери	Туураган күнү, айы, жазы, соттуулугу	КР КЧН басы	Исти максатына жасууру (алкагу тасиби)	Кылган дел ташы-тан кылган иштин жасуу (жойбур-логулганган саны)	Сотта каратуу кылган (жасанган) ташы	Кылмыштын жасуурун кылган саны
1	А. Омарова	04.02.1969 бураш	190 30, 1г.	Журчусуурун сотта алаи береси дел алаган.	3 кылмыш иштин сотта кылган	6 жаш алаи 66 бураш, КЧН-ын 711 басын сотта, жасанган ыргалдыс 3 жаш кылган кылган кылган	1 284 440 г.

Қызылорда облыстық прокуратурасы.



www.turanwater.com



● МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

«Қарты бар елдің – қазынасы бар» дегенді жиі естіміз. Мұның мағынасында нар көтермес салмақ жатқаны баршаға аян. Шыныдығына жүгінсек, бір ауыз сөзімен дауды шешіп, елдің ынтымақ-бірлігіне ұйытқы болған осынау ардагерлер қауымы қандай мадақтауға да лайықты екені дау тудырмайды. Кезінде 15 одақтас елдің генералдарына сабақ берген Бауыржан Момышұлы жасы үлкен қарттарды шал, қария, ақсақал, абыз деп төртке бөліпті. Тарқатар болсақ, отбасы, ошақ қасынан шыға алмай, түгін аңып, үй аралап, өсекке үйір адамдарды шал депті. Өз әулетін шашуау шығармай ұсыныда ұстап,

Тілек Махамаш сонау алпысыншы жылдардың орта шенінде мектепті үздік бағаға бітірді. Ақындар жастық шақты семсердің жүзіне текке баламаса керек. Сол кездегі жастар арасында кеңінен таралған туған ауылды көркейтуге бағытталған үндеуді қолдап мектепті бірте бітірген он сегіз түлек түгелдей кеңшарда еңбек етуге бел байлады. Осылайша құрдастар колхоз құрылысында білек сыбана жұмыс жасалы. Алайда білім алуды мұраттаған адамның ешқашан кеш қалмайтыны анық екен. Мезгіл өте Қызылордадағы педагогикалық институттың студенті атанған Тілек жоғары оқу орнын ойдағыдай

Арада жылдар жылжыды. Әріптестерінің сенімінен, талаптың үлесінен шыққан Тілек Махамаш өзі еңбек ететін мектептің директорылығына тағайындалды. Сенім жауапершілікке, ал жауапкершілікті сезіну табысқа жетелейтіні өмірдің өзінен туындаған қағида. Бұл жолы да солай өрбіді. Тілек тағы да абырой биігінен табылды. Шәкірттерге сапалы білім, тағылымды тәрбие берген үшін ол басқарған білім ордасы талай мәрте облыстық, аудандық сала басыптарының мадақтамаларын иеленді. Бұл қызметті Тәкен тура 23 жыл атқарды. Осы аралықта ағамыз өзінің қарапайым мінезі, кішіпейіл дағдысынан

жолға шынайы берілген адам. Шәкірттердің жан-дүниесін, сезімін терең түсінетін нағыз педагог. Кемшілігінді, ағат ісінді зілсіз әзілмен жеткізгенде екінші қайталамауға өзін үшін тырысасың. Бізге биология пәнінен дәріс берді. Ол кісінің сабақ түсіндіру тәсілі тіпті керемет. Қандай қиын тапсырманы да санана өте ұғынықты, шебер тілмен жеткізеді. Ағайдың көптеген шәкірттің өмірден өз орын аласпай табуға ықпалы тиді деп сеніммен айта аламын. Мектеп бітіргенімізге біршама уақыт өтсе де ұстазымыздың есімі бізге ерекше қымбат. Барша достарымының атынан ағайға ұзақ ғұмыр тілеймін», – деп тебіренді. Өзі де әке атанып, білікті дәрігер ретінде көпшіліктің ықыласына бөленіп жүрген Дастанның жас балаша толққан риясыз ниетіне біз де қосылдық. Оның жүрекжарды лебізі «Алты алаштың басы қосылса, төртегі орын мұғалімдікі» деген қанатты сөзді тірлте түсті.

Бұл күндері Тілек Махамаш – ауылдың аузы дуалы ақсақалының бірі. Зейнеткерлік демалыста жүргенімен, қоғам өміріне белсене араласады. Қазіргі таңда Аранды ауылдық округінің ардагерлер кеңесіне басшылық жасайды. Уақыт теккен жылдам. Көкеміздің Ресалды Жүсіповмен отасқандарына тура қырық жыл толыпты. Кешегі жас келінішек қазір ауылдың ақылшы анасына айналған. Шүкір деуге толық негіз бар. Тәкен Құдай қосқан жазы, ҚР білім беру ісінің үздігі Ресалды ағамызбен бірге 8 перзентінен 21 немере сүйіп отырған іргелі әулеттің ересі. Ұлын – ұяға, қызын қияға қондырған Тілек ағаның тұңғышы – Гүлжамал аудандық орталық кітапханада кітапханашы. Айжамалы Алматы облысы Есік қаласында медбике болып қызмет жасайды. Ал Жадырасы Жанқожа батыр ауылындағы «Жауқазын» балабақшасында бала жанының бағбаны. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген сөз текке айтылмаса керек. Осындай ұлағатты ұстаздар отбасында дүниеге келген Ақтоты мен Лаурасы да қазіргі таңда мұғалім болып еңбек етуде. Ақ халатына кір келтірмей жүрген Света қызы халыққа қалтқысыз қызмет жасап, ел ықыласына бөленген медбике. Тарасы мен Жарасы болса, ізпәлқасын еңбектен айырып, әке мен ананың ардақты атына нұсқан келтірмей абыройлы қызметтер жасауда.

Жетпіс жасты еркін менгерген ақсақал өмірден көрген-түйгенін өскелең бұлуға үйретуден ешқашан жалыққан емес. Ауылдың тыныс-тіршілігін назарынан қалт жібермейді. Өрқашан ат қарасынан түспей аман бол, асыл аға!

Есет ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Өркеніетті дамыған қоғамды дені сау адам ғана құра алады. Сондықтан да, денсаулықтың сау болуы қай кезеңде болсын маңызды. Бүгінгінің өекті мәселелерінің бірі – жедел ішек инфекциясы (ЖИИ). Қысқаша тоқталып кетсек, жедел ішек инфекциясы (ЖИИ) – әр түрлі микроорганизмдер (бактериялар, вирустар) шаққарған, қарын-ішек жолдары (КИЖ) дисфункциялары мен ішекте тыс бұзылыс симптомдары түрінде клиникалық біліністерінің ұқсас сипатымен біріктірілген инфекциялық кеселдер тобы. Қоздырғыштары – бактериялар (энтеробактерия тұқымдасы) мен вирустар. Инфекция ауыз арқылы жұтып, қоздырғышы ішекте өсіп жетіледі де, микробтары нәжіспен ілесіп сыртқы ортаға тарайды. Ол гигиеналық тазалықтың төмен деңгейде болуынан, азық-түліктердің, дұрыс сақталмауынан, жуылмаған көкөністерден, пісірілмеген сүттен, сапасыз тағамдарды пайдаланғаннан, шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-ақ, ауыз суды қайнатпай ішендіктен және лас суға түскеннен пайда болады.

Жеке бас гигиенасын дұрыс сақтап, ас ішер алдында, қолды жиі сабындап жуу керек. Тамақтану тәртібін мұқият сақтаңыз. Көкөністер мен жемістерді



тазалап жуып, тек қайнатылған суды пайдаланған жөн. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегендей, әркім өз денсаулығына, балаларының болашағына жауапкершілікпен қарап, дұрыс тамақтана білсе, бұл да салауаттылықтың бір белгісі. Жоғарыда айтылған кеңестер аурудың алдын алудың бірден-бір жолы. «Ауру – астан» демекші, дұрыс тамақтанып, салауатты өмір салтын ұстану, зиянды әдеттерден тыйылудың маңызы зор.

А.ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,
№ 3 қалалық емхананың
дәрігер эпидемиологі.

АРАНЫНЫҢ
АРДАҚТЫ АҚСАҚАЛЫ

билік жүргізген қартты қария десе, тұтас бір ауылдың жөк-жітігін түгендеп, жырттығын бүгіндеп, азаматын атқа мінгізіп, айдынын асырып отыратын қартты ақсақал деген. Бүкіл елдің сөзін сөйлеп, намысын жырттып, дау-ламайын шешіп, аргы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңірген қартты абыз деп атаған.

Әдетте ауыл ағасыз болмайтыны тағы белгілі. Ел арасында өзінің бітім-болымы, адами қасиетімен көпшілікке сыйлы атанған абзал жандар аз емес. Солардың бірі – біз бүгінгі әңгімеміздің желісіне арқау қылған Тілек Махамаштың, Бауыржан ағамыз айтқан, ардақты ақсақалдардың қатарынан десек жарасымды. Көкеміз Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғанына бір жыл тоғанда дүниеге келіпті. Әкесі Махамаш сол қанды-қасап соғысқа бастан-аяқ қатысып, жау орласының астанасы – Берлинді алуға барған майдангердің бірі еді. Өмірдің сан өткелінен өтіп, небір қысталанды басынан кешірген аға бұнының құршатын берік төзіміне, ерік-жігеріне қалайша қайран қалмасын. Кешегі батыр жауынгер Махамаш елге оралған соң да бір сәтке тыныштық таппады. Соғыстан күйзелген шаруашылықты қалпына келтіруге аябыл атсалысты. Дүниеге сөнбей келгенде «Қаншама боздақтар майдан даласында окқа ұшты. Небір қыршындардың асыл сүйегі көмүсіз қалды. Алла қолдап мен тірі оралдым. Жаратқан менің елге аман-есен жетсем деген тілегімді берді» деген алғашқы ниетпен нәрестенің атын Тілек қойды. Тілегі дүние есігін ашқанда Махамаш ақсақал Фрунзе атындағы колхоздың төрағасы қызметін атқаратынын.



тәмамдады. Дәл осында ағамыз өмірлік бақытын тапты. Өзімен бір курста оқыған Шилінің аймандайлы аруы Ресалды Байтілесқызымен шанырақ көтерді. Үлкен ғұмырға бірте аттаған ерлі-зайыпты қос ұстазың еңбек жолы Тілектің туған жерінде жалғасты. Атаның қаны, ананың сүтімен дарыған тектілік тағылымын бойына жиган жас келін жаңа ортаға тез бейімделді. Өзінің кішіпейіл мінезімен абысын-ажынының сый-құрметіне бөленді. Кімді де болмасын өзеке теппейтін, туып-өскен даласындай шалқар пейілді ауыл тұрғындары да Ресалдыны жатырқаған жоқ. Жасы үлкенге инабатты келін, кішіге ардақты жеңеше атанды. Ізденуден жалықпайтын, жаңалыққа жаны құштар екі жас көп ұзамай ұжымдастарының да алғысын арқалады.

жаңылған емес. Қолына билік тисе өзгеріп сала беретін әдікмілерден табиғаты мүлде бөлек екенін қапысыз дәлелдеді. Қашан көрсен де сол баяғы жайдары қалпынан танабады. Кейін өзі дәріс алған №25 мектепке өз арқауымен биология пәнінің оқытушысы болып ауысты. Уақытпен санаспай жұмыс жасау, тынымсыз төгілген тер жемісін берді. Мектеп түлектерінің арасынан бірнеше алтын, күміс медальдардың негерлері шықты.

«Шәкіртсіз – ұстаз тұ!» деген бар. Ағамыздың да тәрбиесін жасалдына сіңірген шәкірттері аз емес. Олардың алды қазіргі таңда үйлі-баранды болып, түрлі кәсіптің нағыз шеберлері атанған.

Солардың бірі – Қазалы темір-жол ауруханасының дәрігері Дастан Аманбай «Тілек ағай ұстаздық

● БРИФИНГ

МАУСЫМДЫҚ АУРУЛАРДЫҢ
ТАРАЛУЫНА ТОСҚАУЫЛ

Өмірлік коммуникациялар орталығында облыстық тұтынушылар құқығын қорғау департаменті басшысының орынбасары У.Аханаева тұмау, жедел респираторлы вирусты инфекция бойынша эпидемиология талдап, алдын алу жолдарын ақпараттандыру үшін БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді.

Күз айлары желел тарайтын вирусты аурулардың маусымы болғандықтан әсіресе, ауру қаупі жоғары адамдарды уақытында егу, жеке және қоғамдық тазалық шараларын атқарудың, аурудың асқынуының алдын алудың маңызы зор. Мұндайда медициналық көмекке уақытында жүгіну керек.

Хабарламашы эпидемиология тұмау және басқа да вирустар айналымының белсенділігіне болжам жасап, облыс бойынша тұмауға қарсы атқарылатын алдын ала егу шаралары туралы ақпарат берді. Жыл сайын айналып келетін аса

Мәліметтерге қарағанда, тұмауға қарсы екпе алған ересектердің 70-90 пайызы бұл аурумен ауырмаған.

Қызылорда қалалық №1 емхана дәрігері М.Желібаева тез тарайтын жұқпалы аурумен ауырған адамдарға арналған нұсқаумен таныстырды. Аурудың алғашқы белгілері байқалғаннан бастап үйге дәрігер шақырту, дәрігер кеңестерін орындаудың жолдарын түсіндірді.

Баспасөз мәслихатында Халықаралық құтыру ауруымен күрес күніне орай, табиғи ошақта орналасқан біздің аймақтағы жағдай туралы облыстық ветеринарлық бақылау басқармасының бөлім басшысы М.Ойнаров айтып берді. Облыста 2010-2014 жылдары адамдар арасында құтырма ауруының 8 жағдайы тіркеліп, барлығы да

өліммен аяқталғаны белгілі. Соңғы екі жылда құтырма ауруы тіркелген жоқ.

Бірақ өңірімізде жануарлардан жаракат алған адамдар саны артып кеткен. Бүгінге дейін ит-мысықтардан жаракат алғандар үй жануарларын ұстау ережелеріне немқұрайлы қараудың салдарынан болып отыр. Құтырмаға қарсы иммундау шараларын жүргізу аса маңызды, сол себепті жануарлардан жаракат алып, медициналық көмекке жүгінген әрбір адам дер кезінде тиісті антирабиалық егумен қамтылуға. Облыстың барлық медициналық мекемелері қажетті препараттармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген.

М.МЕРЕЙ.

ХАБАРЛАМА

ҚР Экологиялық кодексінің 57-бабының 3-тармағына сәйкес «Қолжан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Батыс Түзкөл кенішіне ДЭС орнату» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» бөлімін талқылау бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Нысан бойынша ақпарат алуға және өз пікірін білдіруге барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мүмкіндік беріледі. Қоғамдық тыңдау 2016 жылдың 25 қазанында сағат 10:00-де Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, 13, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорси» акционерлік қоғамының кеңесінде өткізіледі. Жоба бойынша материалдармен Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, 13, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорси» акционерлік қоғамының №224-ші бөлмесінде танысуға болады. Материалдардың электрондық түрін сұратуға және ескертулер мен ұсыныстарды келесі электрондық поштаға жіберуге болады:

Azhimurat.Orazbayev@petroqazakhstan.com;
Байланыс тел.: (7242) 29-92-11.

КҮРІШ ТҰҚЫМЫ САТЫЛАДЫ

«Сыр Маржаны» ЖШС 2016 жылғы «Новатор» және «Янтарь» күріш сорттарының, бірінші репродукциялы тұқымдарын сатады. Бағасы келісім бойынша.

Байланыс телефондары:
8(72438) 23978, 87757136060, 87751283030,
Факс: 8(72438) 23257.

(2-2)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Көп мөлшерде (шектөусіз) қара күріш (шала) сатып аламыз.

Байланыс телефоны: 8-701-720-89-75.

(2-2)

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Альжанов Айтбай Аلماتовичтің атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қоғалық ауылы, Әжмағанбет көшесі №21 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрылық №10-153-026-581, №0112586) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Нұрмағамбетова Гүлнұр Нұрмағамбетқызының атына Арал аудандық жалпы білім беретін кешкі мектебін 19.06.2011 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0144838 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорси» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті еңбек ресурстары және әкімшілік департаментінің жетекші инженер-энергетігі

Бадаев Мұратбектің

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған- туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессор міндетін атқарушысы, ф.ғ.к. Сарышева Күлдірсінге апасы, еңбек ардагері, ардақты ел анасы

Тазагүл Сейтжанқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі ұжымы басқарма қызметкері Есетов Асқар Тәкейұлына анасы

Тазагүл Сейтжанқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі ұжымы ардагер ұстаз

Сейтжанова Тазагүл Сейтжанқызының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
телефон 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты қалың 70-00-81

Бөлімдер:

руханиет және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-88
өлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
өсел-құрал - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұматәли Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиели, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аттасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Сырт Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген

Тіркеу нүмері №12993-Г; 27.08.2012 ж.

«Сыр бойы» облыстық газеті

ҚР СТ ИСО 9001-2008

«Сырт мемлекеттік жүйесі»

таптырғына сәйкес сертификатталған.

Ақпараттық қосымша: Бойынша телескоп, қолжазба мұрағат және қайтарымды.

Жарнамаға тиымталы

Газет редакциясы компьютер орталығында қатылып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспасханасында басылды. Тел.: 872429 40-00-88

Газеттің таралымы бойынша 8(7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекенжайы: Қызылорда қаласы, Байбасары Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 28949

Тапсырыс № 1162